

Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Аса жеңіл авиация саласында сертификаттау қағидасын бекіту туралы" 2011 жылғы 31 наурыздағы № 318 және "Азаматтық авиация саласындағы мемлекеттік қызмет стандарттарын бекіту және "Жеке және заңды тұлғаларға көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің тізілімін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 20 шілдедегі № 745 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" 2012 жылғы 13 қыркүйектегі № 1195 қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 30 желтоқсандағы № 1424 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 24 қарашадағы № 941 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 24.11.2015 № 941 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

**БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ**

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !**

**Осы қаулының қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) «Аса жеңіл авиация саласында сертификаттау қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 318 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2011 ж., № 28, 342-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Аса жеңіл авиация саласындағы сертификаттау қағидасы (бұдан әрі – Қағида) осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

2) **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 25.04.2014 № 400 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) .**

**Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 25.04.2014 № 400 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

2. Осы қаулы 2014 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін қаулының 1-тармағы 2) тармақшасының үшінші, төртінші, бесінші, сегізінші

және тоғызыншы абзацтарын және Қағиданың 12-тармағын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*  
*Премьер-Министрі* *С. Ахметов*

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2013 жылғы 30 желтоқсандағы  
№ 1424 қаулысына  
қосымша

## **Аса жеңіл авиация саласында сертификаттау қағидасы**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Аса жеңіл авиация саласындағы сертификаттау қағидасы (бұдан әрі – Қағида) «Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы» 2010 жылғы 15 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы 13-бабының 12) тармақшасына сәйкес әзірленді және аса жеңіл авиация саласындағы сертификаттау тәртібі айқындайды.

2. Осы Қағидада пайдаланылатын терминдер мен анықтамалар:

1) өтінім – өтініш берушінің сертификаттау рәсімін өту үшін азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға жазбаша өтініші;

2) өтініш беруші – аса жеңіл авиацияның әуе кемесінің ұшуға жарамдылығы сертификатын алу үшін азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға өтініш берген жеке немесе заңды тұлға;

3) ұшуға жарамдылық – әуе кемесінің қауіпсіздігі мен ұшу сапасын қамтамасыз ететін ұшу-техникалық сипаттамаларға сай келетін оның техникалық жай-күйі.

3. Аса жеңіл авиацияның әуе кемелерінің ұшуға жарамдылығын және аса жеңіл авиацияның бекітілген үлгілік конструкциясы жоқ әуе кемесінің ұшуға жарамдылығын сертификаттауды әуе кемелерін пайдаланушыларды біріктіретін коммерциялық емес ұйымдарды тарта отырып, азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.

4. Аса жеңіл авиацияның әуе кемесінің техникалық жай-күйін тексеру және ұшуға жарамдылығын айқындау үшін коммерциялық емес тиісті ұйымдар азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша аса жеңіл авиацияның әуе кемелерін тексеру бойынша тұрақты жұмыс істейтін техникалық комиссия (бұдан әрі – техникалық комиссия) құрады.

Техникалық комиссияның құрамына білікті, әуе кемелерін пайдалануда кемінде бес жыл практикалық тәжірибесі бар техникалық сарапшылар мен ұшқыштар, сертификаттау орталықтарының, ғылыми-зерттеу, сынау және басқа да ұйымдар басшыларының келісімі бойынша осы ұйымдардың мамандары кіреді.

## **2. Аса жеңіл авиацияның әуе кемесінің ұшуға жарамдылығын сертификаттау**

5. Сертификаттау мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

1) өтініш беруші азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға осы Қағидаға 1-қосымшаға сәйкес өтінім береді. Өтінімге мынадай құжаттар қоса беріледі:

аса жеңіл авиацияның әуе кемесі данасының сәйкестік куәлігінің немесе үлгі сертификатының көшірмесі;

аса жеңіл авиацияның әуе кемесінің мемлекеттік тіркелгені туралы куәліктің көшірмесі;

аса жеңіл авиацияның әуе кемесінің ұшуға жарамдылығын сертификаттау үшін алымның төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі;

2) пайдалану-техникалық құжаттамасын сараптау және әуе кемесінің ұшуға жарамдылығын айқындау;

3) шешім қабылдау және сертификат беру (беруден бас тарту).

Пайдалану құжаттамасын сараптау және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 26 шілдедегі № 859 қаулысымен бекітілген азаматтық әуе кемелерінің ұшуға жарамдылығының нормаларына сәйкестігін бағалау жөніндегі жұмыстарды жүргізу үшін уәкілетті орган өтінімнің көшірмесін күнтізбелік бес күн ішінде техникалық комиссияға береді.

Өтініш беруші пайдалану құжаттамасына және аса жеңіл авиацияның әуе кемесіне техникалық комиссия мүшелерінің кедергісіз қол жеткізуін қамтамасыз етеді.

Техникалық комиссия күнтізбелік 20 күн ішінде пайдалану құжаттамасын сараптау және аса жеңіл авиацияның әуе кемесінің ұшуға жарамдылық нормаларына сәйкестігін бағалау жөніндегі жұмыстарды жүргізеді.

6. Пайдалану құжаттамасын сараптау және аса жеңіл авиацияның әуе кемесінің ұшуға жарамдылық нормаларына сәйкестігін бағалау жөнінде жүргізілген жұмыстардың нәтижесі бойынша техникалық комиссия осы Қағидаға

2-қосымшаға сәйкес үш данада аса жеңіл авиацияның әуе кемелерінің пайдалануға жарамдылығы туралы акт (бұдан әрі – акт) жасайды. Актінің бір данасы уәкілетті органнан өтінімнің көшірмесі алынған күннен бастап

күнтізбелік 20 күн ішінде азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға жіберіледі, екінші данасы өтініш берушіге беріледі, үшінші данасы әуе кемелерін пайдаланушыларды біріктіретін коммерциялық емес ұйымда қалады.

7. Техникалық комиссия берген акт ұшуға жарамдылық сертификатын беруге немесе беруден бас тартуға негіз болады.

8. Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган актінің оң қорытындысы мен ұсынылған құжаттар негізінде өтініш берушіге осы Қағидаға 3-қосымшаға сәйкес аса жеңіл авиацияның әуе кемесінің ұшуға жарамдылығы сертификатын б е р е д і .

9. Аса жеңіл авиацияның әуе кемесінің ұшуға жарамдылығы сертификатын беруден бас тартылған болса, қайтадан берілген өтінімді азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган оны беруден бас тартудың себептері жойылған жағдайда қ а р а с т ы р а д ы .

10. Аса жеңіл авиацияның әуе кемесінің ұшуға жарамдылығын сертификаттау және сертификат беру мерзімі азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға өтінім берілген күннен бастап күнтізбелік отыз күннен аспайды.

11. Ұшуға жарамдылық сертификаты бір жыл мерзімге беріледі.

12. Аса жеңіл авиацияның әуе кемесінің ұшуға жарамдылығын сертификаттау үшін «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексінде (Салық кодексі) айқындалатын тәртіппен және мөлшерде алым алынады. Аса жеңіл авиацияның әуе кемесінің ұшуға жарамдылығын сертификаттау мемлекеттік бюджетке көрсетілген алым төленгеннен кейін жүзеге асырылады.

### **3. Ұшуға жарамдылық сертификатын тоқтата тұру және қайтарып алу**

13. Қазақстан Республикасы азаматтық әуе кемелерінің мемлекеттік тізілімінде тіркелген аса жеңіл авиацияның әуе кемелері ұшуға жарамдылығын қолдауға қатысты тексерілуге тиіс. Аса жеңіл авиацияның әуе кемелерінің ұшуға жарамдылық нормаларына сәйкессіздіктері анықталған жағдайда, ұшуға жарамдылық сертификатының қолданылуы тоқтатыла тұрады, аса жеңіл авиацияның әуе кемелерінің ұшуға жарамдылық нормаларына сәйкессіздіктері жойылғанға дейін азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган аса жеңіл авиацияның әуе кемесін пайдаланылуға тыйым салады, уәкілетті орган сәйкессіздік анықталған кезден бастап бұл туралы дереу пайдаланушыға және әуе қозғалысын басқару органына ұшуға жарамдылық сертификатының тоқтатыла тұруы туралы хабарлайды.

Тоқтата тұрған күннен бастап алты ай ішінде әуе кемесінің ұшуға жарамдылық нормаларына сәйкессіздігі жойылмаған жағдайда, ұшуға

жарамдылық сертификаты қайтарып алынады. Сертификатты қайтарып алу туралы шешім қабылданған күннен бастап күнтізбелік екі күн ішінде уәкілетті орган пайдаланушыны хабардар етеді.

Аса жеңіл авиацияның әуе кемесін пайдаланушы өзі хабардар болған кезден бастап күнтізбелік он күн ішінде аса жеңіл авиацияның әуе кемесінің ұшуға жарамдылық сертификатын уәкілетті органға қайтарады.

#### 4. Ұшуға жарамдылық сертификатының телнұсқасын беру

14. Бүлінген немесе жоғалған (ұрланған) жағдайда, өтініш беруші еркін нысанда өтініш берген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде ұшуға жарамдылық сертификаты телнұсқа беру арқылы ауыстырылуға тиіс.

15. Ұшуға жарамдылық сертификатының телнұсқасын алу үшін пайдаланушы өтінішке сертификаттың бүліну немесе жоғалу (ұрлану) фактісінің сипаттамасын қоса беруі қажет.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2013 жылғы 30 желтоқсандағы

№ 1424 қаулысына

қосымша

Аса жеңіл авиация саласында  
сертификаттау қағидасына

1-қосымша

### ӨТІНІМ

1. Тізілімге \_\_\_\_ ж. «\_\_» \_\_\_\_ № \_\_\_\_ енгізілген аса жеңіл авиацияның әуе кемесінің ұшуға жарамдылық сертификатын беруді сұраймын:  
Түрі \_\_\_\_\_

Әуе кемесінің мақсаты \_\_\_\_\_

1.1. Әуе кемесінің сериялық (зауыттық) нөмірі \_\_\_\_\_

1.2. Әуе кемесі жасалған күн \_\_\_\_\_

1.3. Жасап шығарушының атауы \_\_\_\_\_

1.4. Жасап шығарушы мемлекет \_\_\_\_\_

1.5. Үлгі сертификаты (немесе балама құжат):

№ \_\_\_\_\_, берілген күні

2. Өтініш беруші туралы мәліметтер:

2.1. Мекенжайы \_\_\_\_\_

2.2. Телефоны \_\_\_\_\_ Факсы \_\_\_\_\_

2.3. Электронды поштасының мекенжайы (бар болса) \_\_\_\_\_

2.4. Жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН) \_\_\_\_\_

2.5. Бизнес сәйкестендіру нөмірі (БИН) \_\_\_\_\_

2.6. Егер ӘК пайдаланушы – жеке тұлға болса:  
Тегі, аты, әкесінің аты \_\_\_\_\_

2.7. Егер ӘК пайдаланушы – заңды тұлға болса:  
Ұйымның толық атауы \_\_\_\_\_

Басшының тегі, аты, әкесінің аты \_\_\_\_\_

3. ӘК данасының орналасқан жері \_\_\_\_\_

4. Соңғы жөндеу жүргізілген күні мен жері \_\_\_\_\_

5. Әуе кемесінің ұшуы  
пайдалану басталғаннан бері: \_\_\_\_\_ сағ. \_\_\_\_\_ соңғы \_\_\_\_\_ жыл  
соңғы жөндеуден кейін: \_\_\_\_\_ сағ. \_\_\_\_\_ соңғы \_\_\_\_\_ жыл

6. Жөндеуге дейін қалған ресурс: \_\_\_\_\_ сағ. \_\_\_\_\_ соңғы \_\_\_\_\_ жыл

7. Массасы, кг \_\_\_\_\_ Орталықтандыру, % \_\_\_\_\_

8. Техникалық жай-күйін бағалау актісі бекітілген күн \_\_\_\_\_

9. Техникалық байқауды кім жүргізді \_\_\_\_\_

10. Әуе кемесін жетілдіруді, өзгертуді орындаған ұйым, орындау күні \_\_\_\_\_

11. Пайдаланушының заңды мекенжайы, телефоны, факсы \_\_\_\_\_

12. Пошталық мекенжайы: \_\_\_\_\_

М.О. \_\_\_\_\_

(лауазымы)

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2013 жылғы 30 желтоқсандағы

№ 1424 қаулысына

қосымша

Аса жеңіл авиация саласында

сертификаттау қағидасына

2-қосымша

Нысан

«Бекітемін»

Азаматтық авиация саласындағы

уәкілетті органның лауазымды

адамы

(қолы, Т.А.Ә.)

20\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_

**Аса жеңіл авиацияның әуе кемелерінің пайдалануға  
жарамдылығы туралы бағалау  
АКТІСІ**

\_\_\_\_\_ (ұйымның атауы)

20\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ бұйрығына сәйкес  
мынадай құрамдағы комиссия:

Т ө р а ғ а :

\_\_\_\_\_ (Т.А.Ә. лауазымы)

К о м и с с и я

м ү ш е л е р і :

\_\_\_\_\_ ( Т . А . Ә . лауазымы )

\_\_\_\_\_ ( Т . А . Ә . лауазымы )

\_\_\_\_\_ (ӘК түрі, тіркеу нөмірі, сериялық нөмірі)  
әуе кемесінің пайдалану құжаттамасын сараптауды және ұшуға  
жарамдылығын бағалауды жүргізді.

Аса жеңіл авиацияның әуе кемесінің пайдалануға  
жарамдылығы туралы бағалау актісінің мәтіні

Актінің қорытынды бөлігінде пайдалану құжаттамасының, оның  
ішінде техникалық қызмет көрсету бағдарламасының (регламентінің), әуе  
кемесінің азаматтық авиация саласындағы нормативтік құқықтық  
актілердің талаптарына сәйкестігі (сәйкессіздігі), сондай-ақ әуе  
кемесінің және оның жабдықтарының ұшудың мәлімделген түрлеріне  
сәйкестігі көрсетіледі.

Т ө р а ғ а :

\_\_\_\_\_ ( Т . А . Ә . )

\_\_\_\_\_ ( қ о л ы )

Комиссия мүшелері:

\_\_\_\_\_ ( Т . А . Ә . )

\_\_\_\_\_ ( қ о л ы )

\_\_\_\_\_ ( Т . А . Ә . )

\_\_\_\_\_ ( қ о л ы )

А к т і м е н

т а н ы с т ы м :

Ұйымның басшысы \_\_\_\_\_

(Т.А.Ә.)

(қолы)

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2013 жылғы 30 желтоқсандағы  
№ 1424 қаулысына  
қосымша  
Аса жеңіл авиация саласында  
сертификаттау қағидасына  
3-қосымша  
Қазақстан Республикасының Елтаңбасы

Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган

**Аса жеңіл авиацияның әуе кемесінің ұшуға жарамдылық сертификаты**

№ \_\_\_\_\_

|                                     |  |                               |
|-------------------------------------|--|-------------------------------|
| 1. Әуе кемесінің үлгісі мен мақсаты | 2. Мемлекеттік және тіркелген тану белгілері | 3. Сериялық (зауыттық) нөмірі |
|-------------------------------------|--|-------------------------------|

4. Әуе кемесі Қазақстан Республикасының Азаматтық әуе кемелерінің мемлекеттік тізіліміне \_\_\_\_ ж. «\_\_» \_\_\_\_ № \_\_\_\_ енгізілген.

5. Егер осы әуе кемесі осы сертификаттың ажырамас бөлігі болып табылатын қосымшада көрсетілген белгіленген пайдалану шектеулеріне сәйкес күтіп ұсталатын және пайдаланылатын болса, ұшуға жарамды деп е с е п т е л е д і .

6. Конструкцияның салмағы (массасы/кг) \_\_\_\_\_

7. Орталықтандыру % \_\_\_\_\_ ж. «\_\_» берілді.

\_\_\_\_\_ ж. «\_\_» дейін жарамды.

М.О.

Азаматтық авиация  
саласындағы уәкілетті  
органның басшысы  
не ол уәкілеттік берген адам

(қолы) Т.Ә.А.